

ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
«Қайнар» академиясы

ҰЛЫ ДАЛА ТҰЛҒАЛАРЫ: АКАДЕМИК ШОРА САРЫБАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТІЛТАНЫМ ТАҒЫЛЫМЫ

Халықаралық ғылыми-теориялық
конференция материалдары



Алматы,
2020

УДК 811.512.122
ББК 81 2 қаз
Ұ 36

Жалпы редакциясын басқарған:

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,
ҚР ҰҒА корр. мүшесі, филол.ғ.д., проф. **Е. Қажыбек**

Пікір жазғандар:

филол.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **К. Құрманәлиев**
филол.ғ.д. **О. Жұбаева**

Редакция алқасы:

филол. ғ. д., проф. *Ә. Жүнісбек*, филол. ғ. д., проф. *Н. Уәли*,
филол. ғ. д., проф. *Ж. Манкеева*, филол. ғ. д., проф. *З. Базарбаева*,
филол. ғ. д., проф. *Б. Момынова*, филол. ғ. д., проф. *А. Алдаш*,
филол. ғ. д. *Б. Сүйерқұл*, филол. ғ. д. *Қ. Айдарбек*

Жауапты редакторлар:

филол.ғ.д. *О.Жұбаева*, филол.ғ.к. *С.Құлманов*, филол.ғ.к. *Г.Көбденова*

Жауапты шығарушылар:

А. Сейтбекова, *Ж. Абитжанова*, *Ә. Сейдама*

Ұлы дала тұлғалары: академик Шора Сарыбаев және ұлттық тілтаным тағылымы // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2020. – 380 бет

ISBN 978-601-7608-00-2

Бұл жинаққа түркітанушы ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Шора Шамғалиұлы Сарыбаевтың 95 жылдығына арналған «**Ұлы дала тұлғалары: академик Шора Сарыбаев және ұлттық тілтаным тағылымы**» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енгізілді.

Жинаққа енген материалдар филологиялық ғылым бағытындағы өзекті мәселелерді қамтиды. Кітап тіл білімімен айналысып жүрген мамандарға, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

УДК 811.512.122
ББК 81 2 қаз

ISBN 978-601-7608-00-2

© А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты., 2020
© «Қазақ кітабы» баспасы, 2020

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ПОЭЗИЯСЫ: «ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК» КОНЦЕПТІ

Бүркімбаева Ш.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Түрксой кафедрасы, 3-курс докторанты

Қортабаева Г.

филол. ғ. к., доцент. Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, Түрксой кафедрасы

Түркі халықтарының әдебиеті дүниежүзі өркениеті кеңістігіндегі көрнекті рухани мәдениет қазынасы. Қазақстандағы түркі халықтарының әдебиеті де әлемдік сөз өнері құрамындағы көркемдік жалғастық қозғалысы арнасын құрайтын рухани құндылық болып саналады. Қазақстан Республикасы мемлекеттігін құрушы негізгі, байырғы ұлт – қазақтар. Қазақ ұлтының осы дәуірге дейінгі мыңжылдықтар белестерінен өткен пайда болу, қалыптасу, даму жолдары да туысқан түркі тілдес халықтар тарихымен ортақ сипаттарымен ерекшеленеді. Түркі өркениеті – қазіргі Қазақстан Республикасының және жер бетіндегі түркі тілдес халықтар тарихының ортақ кезеңі. Қазіргі Қазақстан Республикасы – мыңжылдықтар белестерінен өткен бүгінгі дәуірге жеткен, ертеңі болашаққа ұласқан түркі өрениеті құндылықтарының тарихи мұрагері, негізгі иесі.

Бұл орайда Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясындағы көркемдік жалғастық пен ұлттық сипат ерешеліктерінің өзектілігі айқын танылады. Қазақстандағы түркі халықтары (түрік, ұйғыр, татар, т. б.) поэзиясы байырғы түркі өркениеті фольклоры мен әдебиетінің көркемдік сақ, ғұн, түркі замандарында негізі қалаған лирикалық және эпикалық поэзия жанрлары шығармаларындағы мазмұн мен пішін жүйесі әлем әдебиетінің дамуына қосылған үлесінің маңыздылығымен бағаланады. Қазақстан Республикасы халықтарының фольклор мен әдебиеті – қазіргі заманғы фольклортану және әдебиеттану зерттеулері нысанына енді алына бастаған зәру мәселердің бірі.

Түркі халықтары әдебиетінің тарихилық болмысын құрайтын даму желісінде, әрине, байырғы түркі қағанаттары дәуірлерінің жазбаша ескерткіштерінің мәтіндері, мүсін, сәулет ескерткіштері (Күлтегін, Тоныкөк жазулары, Есіктен, Маңғыстаудан табылған алтын адамдар, т. б.) барлығы да түркі халықтарының ата жұрты қазіргі Қазақстан екендігін дәлелдейді. Түркі халықтары мекендеген Азия мен Еуропаның барлық аймақтарындағы материалдық және рухани мәдениет үлгілерінің барлығы да қазіргі Қазақстандағы байырғы өркениеттен бастау алғандығы дәлелденуде.

Алтын Орда мемлекеті кезеңдегі әдебиет – байырғы түркілік негізділігін сақтай отырып, Еуропалық және шығыстық әдеби ықпалдастық үдерісін жүзеге асырған сипатымен ерекшеленеді. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясының тарихи негізді бастаулары қатарында Алтын Орда – Египет қарым – қатынастары (XII ғ. ортасы мен XIV ғ. соңы) да ықпалды орын алады. Бұл көркемдік жалғастық арнасында түркі халықтары әдебиеттері қатарлас, сабақтас дамыған аймақтарының – кейінгі жалпытүркілік дамуға негіз болғандығы айқындалады.

Демек, Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы – сөз арқауында байырғы түркі өркениеті (V-VIII ғ. ғ.), орта ғасырлық ислам дәуірі (IX-XI ғ. ғ.), одан кейінгі Алтын Орда (XII-XIV ғ. ғ.), Египеттегі мәмлүк қыпшақтары мемлекеттері, Түркия мемлекеттері кезеңдерінде қалыптасқан әдебиет дәстүрін жинақтаған көркемдік жалғастық көрсеткіші.

Қазақстандағы түркі халықтары (түрік, ұйғыр, татар, өзбек, әзірбайжан, т. б.) әдебиеті – қазақ сөз өнері шығармаларымен тарихи тамырластығын, поэтикалық үндестіктерін сақтай отырып, ұлттық – этнографиялық сипат өзгешеліктерімен дамуда. Қазақ фольклортануы мен әдебиеттануының көрнекті ғалымдары Ш. Уалиханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұланның, С. Қирабаев, С. А. Қасқабасов, Н. Келімбетов, А. Қыраубаева, А. Егеубаевтың және т. б. ғалымдардың еңбектерінде Қазақстандағы түркі халықтары фольклоры мен әдебиеті мұраларының өзекті мәселелері үнемі сөз арқауына алынуымен келеді.

XX ғ. 2-жартысы мен қазіргі XXI ғ. басындағы Қазақстандағы түрік халықтары (түрік, ұйғыр, татар, т. б.) поэзиясының көркемдік жалғастық дамуы заңдылығымен сақталуы қазақ мәдениетінің әлем өркениеті кеңістігіндегі тұғырын нығайта түсетіні ақиқат. Қазақстандағы түрік ақындарының поэзиясы – ұлттық және жалпытүркілік сөз өнері дамуы көркемдік жалғастығының көрсеткіші. Қазақстандағы түрік қаламгерлері шығармашылығы X-XX ғ. аралығында Кіші Азиядағы Анадолы түбегінде орналасқан Түркияның әуелде Қазақстаннан басталған ата – бабалық тарихымен сабақтастырыла бағаланады. Түркия Республикасының IX-X ғ. тарихи әуелгі Отаны – қазіргі Қазақстан. Байырғы Тұраннан X ғасырда Анадолы атырабына қоныс аударған түріктердің тарихы, тағдыры қазақ халқы қайраткерлерінің үнемі назарында болып келді.

Қазақстан Республикасындағы ахысқа түріктері – XX ғ. 20-30-жылдары болған саяси қуғын-сүргін зардабын тартқан халық. [7, 10] Тарихи мекендерінен Түркия, Грузия, Ресей мемлекеттерінің саясаты салдарынан ажыраған ахысқа түріктері байырғы ата-бабалық қоныс Қазақстанда ғана баянды өмір сүру бақытына ие болғандары – тарихи ақиқат. Қазақстандық түріктер қазақ халқын өздерінің сақталуындағы басты тірек санайды. Қазақстандық түріктердің де өзіндік әдеби шығармашылығы бар.

Ахысқа түріктерінің де жыраулық, суырып салмалық ақындық дәстүрі біршама сақталған. Қазақстан түріктері поэзиясын құрайтын ақындар: Джеври, Меркуоглы, Чиркини, Эмраһ, Гариб, Гүлалы, Хашими, Хаста Хасан, Исмайл, Иззет, Нури, Севдайы, Ташдемир, Алиев Пилош Мәһәммәт оғлу, Хукиев Ибрагим Катибоғлу, Мамед Мүрсәлоғлу, Алиев Бәчәт Мәһәммәт оғлу, Бадалов Баһадүр Абдуллаһоғлу, Караев Камал Караоғлу, Мераев Әмірстан Берфаоғлу, Бадалов Шыңғыс Ахметоғлу, Ровшан Мамедоғлу, Мамош Каһраманоғлу, Ашық Гүлалы Кочалыоғлу, Тельман Дямуршаев, Зейнул Фаһриоғлу Йектайы, Асампалы Зияоғлу Чалабов, Мұртаза Лебисли, Ашық Мәвлүт Ахмедов, Бекир Перишан, т. б. [4, 105-121]

Түрік ақындары-ашықтарының (Ахысқа түріктері ақынды «ашық» деп атайды) лирикалық өлеңдері мұңлы – шерлі элегиялық сарынмен жырланған. Түрік

халқының туған атамекеніне, ата-бабалық Отандары Түркияға, Қазақстанға деген бауырластық, достық сезімді азаматтық – отаншылдық көңіл-күйін Али Паша Вейселоғлуның «Аспинзамға», «Ахыска», «Қазақтарға ризамын», т. б. жырларынан көреміз. Али Пашаның «Қазақтарға ризамын» атты өлеңінен елімізге жер аударылған түріктердің барша қазақ халқына деген шексіз ризашылығын байқаймыз. Олардың бастарындағы ауыр жағдайды түсініп, көмек қолын ұсынып, құрметтеген, «Ер Түрік қанынан жаралған түбі бір қандасым!» деп бауырына басқан қазақтарға қарыздар екендігін айтады. Ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді – мейірімділікті, ізгілікті, бауырмалдықты, қонақжайлықты, жомарттықты, білімділікті мадақтайды.

*... Біз құрмет көрдік қазақ халқынан,
Олар да түсініп халімізді толқыған.
Біздерді санап өз бауырларына,
Атамыз Ер Түрік жаралған қанынан.*

*Қазақ – Түрік атамыздың кенже баласы,
Намысты, жомарт қып туған анасы.
Өте көп қазақтың білімді, данасы,
Тарихи кітаптан танитын бізді... [7, 305]
(Аударған Ш. Бүркітбаева)*

Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүретін Ахыска түріктерінің тағы бір ақыны Бекир Перишан «Тағы да Отан туралы», «Біз босқынбыз», «Босқа кетті», т. б., түркішілдік, ұлттық бірегейлік жырларымен танымал ақын. Ұрпақтарының бәріне ортақ түркілік сарын – Ер Түріктің бұрынғы айбынды даңқын аңсау, содан қуаттану, сол арқылы түркілік өр рухтың аласармайтын келешегіне сену. Бекир Перишан да осы түркішілдік сарынның мұң мен сенім тұтасқан поэтикалық сипатын жырлаған. Бүкіл түркі баласы қасиетті деп санап, қадір тұтқан көк бөрінің бөлтірігі екенін де еске салып «Ойынан жатса, тұрса бір шығармай, ұлиды тауын аңсап бөлтірігің», деп жырлайды. Ақын «асыл түрік», «батыр түрік» тіркестерімен текті түркілерді көкке көтеріп оқырман назарын өзіне аударады. «Жанымда қуат беріп сен тұрғанда, мен ешкімге де дес бермеймін деп шабыттанған елім, жерім деп еңіреген ерлердің психологиялық портретін, әдеби бейнесін жасайды.

*... Армысың, еңіреген Ер Түрігім,
Арнадым саған жырдың ең сұлуын.
Ойынан жатса, тұрса бір шығармай,
Ұлиды тауын аңсап бөлтірігің.*

*Қайдасың асыл Түрік, батыр Түрік,
Арманым көкірегімде жатыр тұнып.
Артымда асқар таудай Сен тұрғанда,
Ешкім де басына алмас батырсынып.
(Аударған Ш. Бүркітбаева [8])*

Қазақстандағы түрік ақындарының түрікшілдік сарындағы өлеңдері жалпыадамзаттық ұрпақтар сабақтастығы дүниетанымына негізделгендігімен ерекшеле-

неді. Азаматтық – отаншылдық сарындағы өлеңдердің жалпытүркілік сарынмен жырлануы тәуелсіздік жолындағы қазақ халқының қаһармандық тарихын ұрпақтар жадында жаңғыртады. Ақын Хукиев Ибрагим Катибоглуның «Ахысқа түріктерінің тарихы», «Тұран жұртым – Түркістаным», т. б., Бадалов Шыңғыстың «Отан ойыма түскенде», Дямуршаев Тельманның «Қадірлеймін қазақты», «Сыр елі», т. б. жырлары түркілік поэзия дәстүрінің поэтикалық жалғастығын аңғартады. Түркі поэзиясының байырғы үлгілерінде негізі қаланған, еріксіз ажыраған ата-бабалық қоныстарды ардақтау, мәңгілік сағыныш сарыны жаңғыра қайталанған.

Қазақстандағы әдеби үдеріске ұйғыр поэзиясы да өзіндік орынымен түркі халықтары ақындары қатарында бағаланады. Ұйғыр ақындарының лирикалық және эпикалық жырларында да азаматтық – отаншылдық көзқарастағы жалпытүркілік сарынның басым жырланғандығын аңғарамыз. М. Абдрахмановтың «Қазақстан», Ғ. Искәндеровтың «Егиз көктен нурлар құйып», А. Мухәммәдийдің «Ечилмас көңлүм», «Яш журегим», т. б. өлеңдерінде халық тағдыры, қазақ пен ұйғыр халықтарының ғасырлар сынағынан өткен достығы азаматтық рухпен байқалады.

Мысалы, Илья Бахтияның «Отан туралы», «Ана жұртқа хат», Х. Һәмраевтің «Қазақстаным менің», «Отаннан жақсы жар болмас», М. Абдурахмановтың «Қазақ досыма», «Әссалам уйғурум», т. б. өлеңдерінде түркі халықтарының үзілмеген тарихи жолы, дербес мемлекеті бар халық болған шындығы, тәуелсіздікті аңсаған ізгі ойы, қазақ халқының аялы алақаны мен достық құшағы, т. б. сан алуан елдік, қоғамдық – әлеуметтік мәселелер романтикалық-реалистік сарын тұтастығымен жырланған. Ақынның «Қазақстан» атты өлеңінен Қазақ жерін мәңгілік Отан, құтты мекен сезінгенін байқаймыз.

... Туғұлған қутлуқ диярим, ... Туылған құтты мекенім,
Әзизсән маңа анамдәк. Әзизсің маған анамдай.

Бақимән, Мәңгілік

Қанмас хумарим, Қанбас құмарым,

Өзәндин кудрәт алай дәп... . Өзіңнен күдірет алғандай... .

... Бағдики әркин кушлириң, ... Бақтағы еркін құстарың,
Тағлириң, чәксиз далариң – Тауларың, шексіз жайлауың-
Барчиси һаят хушлуғум, Баршасы өмір құштарым,
Қазақстан, қутлуқ диярим [9, 269] Қазақстан, құтты мекенім.
(Аударған Ш. Бүркітбаева)

Қазақстанның Тәуелсіздік алуы еліміздегі ұйғыр диаспорасы поэзиясының дамуына үлкен мүмкіндік туғызды. Ұйғыр ақындары өз ойларын еркін айтып, көсіле жырлады. Ұйғыр ақындары Н. Ахматов, Г. Авутова, Т. Нурахунов, П. Махсатова, И. Тохтияров, Т. Хезиярова, Ш. Баратова, т. б. тәуелсіз еліміздегі береке, бірлікті жырлап, Қазақстандағы түркі халықтары әдебиетінің дамуына өз үлестерін қосуда.

Қазақстандағы ең байырғы түркі халықтарының бірі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тарихын қалыптастыруға, дамытуға өз үлестерін қосып келе жатқан татарлардың, тарихи деректер бойынша қазақ даласына қоныстана бастауы 1552 жылғы Ресей империясының басқаншылық шабуылдарының салдарынан Қазан

хандығының құлауынан кейін басталатыны айтылады. Татар ақындары шығармаларының жалпытүркілік арнадағы жолының қазақ поэзиясымен тұтаса бағаланып келе жатқаны ақындарының шығармашылық үлестерімен айқындалады. Қазақстандағы татар поэзиясының жалпытүркілік арнада танылуында Ғ. Тоқайдың, М. Жәлелдің жырлары ықпалды орын алады.

Қазақстандық татар ақындары дәстүрлі түркілік отаншылдық сарындағы азаматтық лириканы дамыта жырлауы, мысалы, Ғ. Т. Хайруллиннің «Жамбылға», «Татармын», Ф. Ә. Әбубакированың «Менің Қазақстаным – менің тағдырым», «Қазан, қазан – Сен менің жүрегімдесің», «Осының бәрі біз туралы», «Мен татар екеніме мақтанамын!», Н. У. Юсимованың «Біздің тамыр Қазанда», «Біздің бабалар», «Мұқағали Мақатаевқа», т. б. өлеңдерінде татар мен қазақ халықтарының ұлттық ділін, тілін сақтай, байырғы қоныстарды ардақтау, түркілік дәстүр сабақтастығын құрметтеу сарындарымен ерекшеленеді. XX ғ. соңғы онжылдығы мен XXI ғ. алғашқы онжылдығында Р. Шакиров, Ф. Файзуллина, Г. Галлямова және т. б. ақындардың жырлары еліміздің баспаларынан жарияланып келеді. Мысалы, Ғ. Хайруллиннің «Татар дигән халық» (2005), «Гомер йомгагы» (2009), «Юлга чыктым» (2012), т. б., Р. Абдусалымовтың «Изге юллар» (2008), «Изге туган телем» (2012), т. б., Н. Усманованың «Онытылмас шәхесләребез» (2009), «Татарларнын милли йоллалары», «Сагыш» (2013), т. б. Қазақстандағы татар ақындарының поэзиясы классикалық әдеби үрдістің жалғасуы заңдылығы аясында бағаланады. Қазақ жерінде өмір сүріп жатқан орыс тілді татар ақындарының қатары да едәуір.

Солардың бірі Фируза Әбубакированың «Мой Казахстан – Моя Судьба!» өлеңінен үзінді келтірсек.

Так исторически сложилось, Тағдырдың тәлкегіменен,
И так судьба распорядилась, Жазмыштың пәрменіменен,
Что породнил всех Казахстан, Барлығы Отан еткен Қазақстан,
Отчизною любимой стал! Болдың Сен сүйікті Отан!

... Казахов, турков и корейцев, ... Қазақтар, түрік, кәрістер,
Славян, татар, узбеков, немцов, Славян, татар, өзбек, немістер.
Чеченцев, греков и других, Шешен, грек және басқалар,
По духу близких и родных! [10, 19] Туысқан болған дос-жаран!

(Аударған Ш. Бүркітбаева)

Қорыта келе айтарымыз: Қазақстанның әдеби үдерісі желісінде, онда өмір сүріп жатқан түркі халықтары поэзиясының дамуы лирикалық және эпикалық шығармалардың тарихилық сипатпен, азаматтық-отаншылдық сарынмен жырланған поэтикалық ерекшелігімен айқындалады. Қазақстандағы түркі халықтары поэзиясы дамуының көркемдік жалғастығы мен ұлттық бірегейлік сипатының ерекшеліктері – әлем өркениеті кеңістігіндегі тарихи поэтика заңдылығының жолы. Қазақстан Республикасы – байырғы түркі қағанаттары, Алтын Орда, Египет – Мысыр мәмлүктері, Қазақ хандығы мемлекеттері жерінде берік қалыптасқан өркениеттік әдеби көркем шығармашылық үрдістер тоғысуы тұтастығының негізгі орталығы.

Әлемдегі түркі халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларының барлығы да байырғы атамекен – атажұрт Қазақстанның рухани құндылықтарымен тектес,

үндес, туыстас арналарынан қол үзбейді. Қазақстандағы және әлемдегі түркі және басқа да халықтардың фольклоры мен әдебиеті мұраларын қазіргі заманғы көзқарастар аясында қарастырып жатқан жаңа зерттеулерде де сөз өнерінің бұрынғы – соңғы тектес, үндес поэтикалық табиғатын жүйелеулердің, саралаулардың тың нәтижесіне қол жеткізілуде. Бұл – ұлттық және жалпыадамзаттық көркемдік ойлау дүниетанымы кеңістігін бағалау, тану жұмыстарының үздіксіз жалғасатын шығармашылық жолы.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Современная литература народа Казахстана. под. ред. С. В. Ананьевой. - Алматы: Evo Press, 2014.
2. Литература народов Казахстана. – Алматы: «Ғылым», 2004.
3. Тюркские народы: Энциклопедический справочник. – Алматы: ЗАО «Қазақ энциклопедиясы», 2004.
4. Bütün yönleriyle Ahıska türkleri, Çimkent. – 2004.
5. Хайруллин Г. Т. История татар. –А. : Казинтерграф, 1998.
6. Абдрахманов М. Тәрәкқият басқучлириға бир нәзәр // (Мақалилар вә шеирлар). – Чонжа: Жазушы, 1999.
7. Ибраһим Турки. «Ахыска Түркләринин тарихи, әдәбийәти вә ашыхларынын қыса антологийасы», Алматы: «Кітап» баспасы, 2007.
8. Автордың жинаған қолжазба материалдары (2010-2017ж. ж.)
9. Абдурахманов М. Түгүнләр. - Алмута: Білім, 2004.
10. Абубакирова Ф. И это все о нас. Кызылорда: ТОО «Издательский дом Полиграфия», 2007.
11. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. (Очерк). - Алматы: Дәуір, 1994

СӨЙЛЕМ ҚҰРЫЛЫМЫНА НЕЙРОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ

Сембаева А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті, проф. м. а

Бүгінгі таңда тілді нейролингвистикалық тұрғыдан зерттеу кең өріс алып келеді. Сөйлеу тілінің анатомиялық-физиологиялық механизмін жақсы білу, біріншіден, қалыпты жағдайда сөйлеу тілінің күрделі механизмін, екіншіден, сөйлеу тілінің ақаулықтарын талдауына дифференциалды түрде қарау, үшіншіден, түзету жұмысының жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сөйлеу қабілеті сөйлеу аппараттарын іске қосатын орталық және шеткі күрделі жүйке жүйелері арқылы іске асады. Сөйлеу әрекетінде бас ми қызметі басты роль атқарады.

МАЗМҰНЫ • СОДЕРЖАНИЕ • CONTENTS

Е. Қажыбек Алғы сөз.....3

ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Әбілқасымұлы Б. Көңілді жүруді ұнататын.....4

Исаев М. Вспомяная Сарыбаева шору шамғалиевича5

Қажыбек Е., Жұбаева О. Сарыбаевтар әулетінің «Темірқазығы»..... 11

Құрманәлиев К. Академик Ш. Сарыбаевтың мұрағаттық мұралары 13

Манкеева Ж. Академик Ш. Сарыбаев зерттеулеріндегі этномәдени мазмұнның тілдік бейнесі 18

Малбақов М. Сегіз қырлы, бір сырлы ғалым.....22

Момынова Б. Қазақ тілі грамматикасындағы академик Ш.Ш. Сарыбаев зерттеулерінің маңызы27

Үдербаев А. Академик Ш.Ш. Сарыбаевтың еңбектеріндегі қазақ диалектологиясы мәселелері32

Сарыбай М., Асанова Д. А. Татарская женщина в зеркале казахской истории Насима Сарыбаева (1903 – 1978).....39

Бүлекбаева Л., Атабаева М. Ш. Сарыбаев аймақтық лексика-семантикалық ерекшеліктер жайында48

Көбденова Г., Дүйсенбаева Э., Ақшылбаева Ш. Академик Ш.Ш.Сарыбаев – диалектолог лексикограф53

Асқар Л. Үлгі тұтар нағыз ғалым атамыз58

Жунисова М., Бейбарыс М. Бір өлең – бір тарих61

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ. ДИАЛЕКТОЛОГИЯ. ТҮРКІТАНУ

Алдаш А. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: Жергілікті тіл ерекшеліктерінің берілуі.....64

Салқынбай А. Б., Анарбекова У. У. Қазақ грамматологиясының қалыптасуы: Ақымет Байтұрсынұлының жазу теориясы.....68

Сиразитдинов З., Бускунбаева Л., Ишмухаметова А., Шамсутдинова Г. Диалектологический ресурс машинного фонда Башкирского языка.....75

Мұхамбетов Ж., Ермекқалиева Ш. Диалектология ғылымының тарихы мен зерттелуі.....82

<i>Абитжанова Ж., Жақып М., Ешметова Б.</i> Ескі қазақ жазба тілінің ерекшелігі ...	88
<i>Көбденова Г.</i> «Кирилл және латын графикаларында қазақ ескі жазу лексикасының сөздігінің» құрылымы	93
<i>Төлегенов Т.</i> Алаш және әдеби сын	96
<i>Таджиев Х., Қортабаева Г.</i> Қиссашыл ақындар һәм діни тәрбиенің қазақ әдебиетіндегі көріністері (XIX ғ.-XX ғ. Басы)	101
<i>Дүнгенбай Э., Отарбекова Ж.</i> Тарихи шығармалардағы «Аманат» концептісі ...	105
<i>Гасанлы-Гарибова Ш.</i> Предложение в научных произведениях в XIII-XVI вв. ...	111
<i>Жирохова Н., Прокопьева А.</i> Сложные предложения сложной структуры в истории А.И. Софронова - алаһра «в поисках лучших, она стала свою жизнь»	115
<i>Есбосынов Е.</i> Қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздерінің лексикографиялық деректері	118
<i>Ахмет Ә.</i> Тұрағұл Абайұлы – қазақ тілін зерлеген тұлға	128
<i>Ахметжанова Ж.</i> Тарихшы Әлихан Бөкейханұлының Абай туралы жазбалары	135
<i>Шойбеков С., Ракишева З.</i> Қазақ тілі тарихындағы «Көне түркі сөздігінің» орны.....	140

ФОНЕТИКА. ЛЕКСИКОЛОГИЯ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ. ЛИНГВОСТИЛИСТИКА

<i>Жунисбек А.</i> Лингвостилистика казахская (тюркская) транскрипция: орфография равна орфоэпии и наоборот.....	146
<i>Садыгова С.</i> Источники образования заимствованных терминов в Азербайджанском языке	150
<i>Момынова Б., Әнесова Ү., Кульманова М.</i> Тіл тазалығы мен тіл мәдениеті – тіл өміршеңдігінің кепілі.....	155
<i>Муратова Б.</i> Лексические минимумы в двуязычных учебных словарях	158
<i>Ууикбаева М.</i> The culture of speech and linguistic stylistics of english	162
<i>Қаршығаева А.</i> Қазақ тілі дыбыстарының фонетика-фонологиялық сәйкестігін модельдеу	164
<i>Молдашева А.</i> Қазақ тілінің аффрикат дауыссыз дыбысы және дыбыс түрленім үлгілері	168
<i>Сабирова Г., Нарешова А.</i> Тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік-тарихи жағдайлардың баспасөз тіліне ықпалы	172
<i>Ядрихинская Ф.</i> Об образовании парных слов в якутском языке.....	176
<i>Шүленбаев Н.</i> Жаңа, кірме терминдер мағынасы.....	181

<i>Садырбаева З.</i> Кісі есімдері мен жер-су атауларын латын әліпбиінде жазудың маңыздылығы	192
<i>Алиева С.</i> Орыс және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің салыстырмалы сипаттамасы.....	195
<i>Татиева С., Каликова А.</i> Сөз этикетінің кейбір мәселелері.....	199

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР

<i>Әлкебаева Д., Онгарбаева К.</i> Қазақ әндерінің ұлттық құндылық ретінде лингвистикалық зерттелуінің мақсаты мен міндеттері	205
<i>Жұбаева О., Әбсаттар Р.</i> Терминдерді лингвокогнитивті тұрғыдан зерттеудегі ұстанымдар	210
<i>Жаңабекова А., Өтегенова Б.</i> Ауызша тілдің ерекшеліктері	217
<i>Алтаева А.</i> Медиакеңістіктегі тілдік манипуляция	222
<i>Абдирасилова Г.</i> Рухани жаңғыру: Географиялық атаулардың этнолингвистикалық сипаты.....	226
<i>Нұртаева А., Абдирасилова Г., Асанбаева А.</i> Қазіргі халықаралық қатынастардағы мәдениетаралық коммуникацияның өзекті мәселелері.....	231
<i>Бүркітбаева Ш.</i> Қазақстандағы түркі халықтарының поэзиясы: «Ұлттық бірегейлік» концепті	235
<i>Қортабаева Г.</i> Сөйлем құрылымына нейролингвистикалық талдау жасау.....	240
<i>Сембаева А., Адишева А.</i> Дербес мағыналы омонимдік қатарлардың пайда болуы	244
<i>Тогжанова Л.</i> Культура речи как средство формирования языковой культуры личности.....	248
<i>Шормақова А., Шормақова Б.</i> Өсімдік атаулары – паремиологиялық жүйенің құрылымдық компоненттері ретінде.....	253
<i>Тлегенова Г., Бесіров Е.</i> Жартылай автоматты метабелгіленім сипаттамасы.....	258
<i>Калкабаева Г.</i> Межкультурная коммуникация феномены прецедентности	261
<i>Шенгелбай М.</i> Аспектуалдық категориясының танымдық-прагматикалық негіздері.....	266
<i>Айдарбек Қ., Чубанова С.</i> Ұлттық ғалам бейнесінің орнитонимдер қатысуымен жасалған мақал-мәтелдердегі көрінісі	269
<i>Рақымжан О., С. Жүнісов</i> тілдік тұлғасындағы метафоралардың танымдық сипаты.....	274
<i>Бейскеева М., Тулеуханова А.</i> Абайдың қара сөздерінің маңызы	279
<i>Саржаев О., Балғабайқызы П. Ж.</i> Баласағұнның «Құтты білік» дастаны мен Н.Макиавеллидің «Государь» шығармасындағы «Билеуші» және «Билік» концептілері.....	282

<i>Сүйерқұл Б. Сейдаманат Ә. Қазіргі қазақ қоғамындағы жүкті әйелге қатысты ырымдар мен тыйымдардың прагматикасы</i>	288
<i>Жаңабекова А., Әтейбай Г. Қарсылықты мәндегі бейвербалды амалдар</i>	292
<i>Жағымғазиева Ж. Қазақ тіліндегі қалып етістіктерінің жұмсалу жүйесі</i>	297

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Рауандина А., Рауандина Г., Қасен М. Тіл үйретуде грамматикалық дағды қалыптастырудың маңызы</i>	300
<i>Ерхожина Ш., Кубесова М. Қазақ тілі пәнін басқа ғылым салаларымен интеграциялай оқытудың маңызы</i>	303
<i>Советова З. Жоғары білім берудің жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті маман құзыреттілігін қалыптастыру</i>	307
<i>Kangozhayeva R. Development of key competences as a necessary approach in future specialists training</i>	312
<i>Orijova S. New approaches to the english language teaching at azerbaijan state university of economics and discussing its new syllabus</i>	315
<i>Турусбекова А. Қазақ тілін үйретуде ұлттық кодты дәріптеу</i>	318
<i>Бекбенбетова С. Поэма жанрын оқытудағы ерекшеліктер</i>	323
<i>Сейітова М. Инновациялық үдерісте әдебиетті оқытудың интербелсенді моделі</i>	328
<i>Ергеиш С. Шет тілдерін оқыту барысындағы мәдениетаралық қарым-қатынастың қазіргі кездегі рөлі</i>	333
<i>Кушукбаева Д. Бастауыш сыныптарда жобалар әдісін қолданудың тиімділігі</i>	337
<i>Джадирова Ш. Бастауыш сыныпта заманауи әдістерді қолданудың тиімділігі</i>	342
<i>Аталыкова Қ. Қазақ тілі сабағында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі</i>	345
<i>Жабайханова Б. Бастауыш сыныптарда ойын технологиясын қолданудың тиімділігі</i>	349
<i>Оспанова Н. Ағылшын тілін оқыту тәжірибесінен</i>	352
<i>Нургожанова Г. Бала тәрбиесіндегі ата-ана мен тәрбиешінің рөлі</i>	356
<i>Кайырбекова Г. Оқыту мен тәрбиенің мақсаты – сыртқы ортаны тану</i>	359
<i>Мырзакулова Г. Қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынатын дидактикалық қағидалар</i>	361
<i>Бахшыева Т. «Oğuznamə» Lər onomastik mənбə kimi</i>	366
<i>Гурбанлы И. İraq türkmənlərinin ləhcəsində yad dilli ünsürlər</i>	369
<i>Құрманәлиева З.А. Реңк мәнді жұрнақтардың оқулықтарда берілуі</i>	371